

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**2024 жылдың 01-04 ақпан күндері аралығында
СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ХАРАССМЕНТ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ
ӨТКІЗІЛГЕН САУАЛНАМАНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз -2024ж.

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕГЕН:

Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор: Тұрлыбек А.Е.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы: Ұлтанбаев А.Б.

Психолог: Бүйембаева Ш.Б.

Дінтанушы: Алпысбаев Б.Қ.

Социолог: Альмуратов Б.Т.

2. ЕНГІЗІЛДІ:

Әлеуметтік жұмыс басқармасы

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА «ХАРАССМЕНТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ШЕКАРА» МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ӨТКІЗІЛГЕН САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Харассмент және жеке шекара» тақырыбында бағдарлама және сауалнама дайындалып, бекітілді. Бағдарламаның басты мақсаты – студенттерге харассмент мәселесіне байланысты түсініктер мен ұғымдар қалыптастырып, әрбір жеке тұлғаның өмірлік құндылықтары мен психикалық денсаулығын қалыптастыруға және де оны сақтап қалуға өз үлесімізді қосуға түрткі болу көзделген.

Харассмент – адамға өз қалауынан тыс физикалық қысым жасау, зорлық көрсету, ерсі сөздер арқылы, хабарлама арқылы бопсалау, жыныстық қатынасқа түсуге тарту, адамның арына тиетін сөз айту, жеке шекарасын бұзу. Ал кез келген ортада, оқуда, жұмыста осындай әрекеттен аулақ болу үшін харассменттің не екенін біліп, оның түрлерін білу маңызды. Мамандардың айтуынша, харассменттің бірнеше түрлері көп. Олар: адамның қалауынсыз жанасу, қол тигізу; соңына түсіп, мазасын алу; вербалды түрде қысым көрсету; кибер харассмент; эксгибиционизм, жыныстық қысым жасау.

Болашақта студент жастар отбасында қалыптасқан мінез-құлық үлгілерінің тиімді формаларын көре алатындай, таңдау жасай алатындай дағдыларды меңгеріп, өз өмір тәжірибесінде жайлы отбасын құрып, сақтай алатындай рухани-адамгершілік ұстанымы жоғары тұлға ретінде қалыптастыру жоспарланған.

Бүгінгі күні қоғамда психологиялық қауіпсіз орта орнату арқылы харассмент проблемасын тиімді шешу өзекті мәселе болып отыр, салдарынан студент жастар арасында өз өміріне қауіп төндіру жағдайы аса алаңдатушылық туғызады.

Университетте студенттер арасында харассменттің алдын-алу және оларға қолдау көрсету, сонымен қатар оның тиімділігін арттыру, психологиялық тұрғыдан студенттердің салауатты өмір сүруге және демалуға бағытталған дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық насихатты күшейту ұсынымдарымен одан әрі үйлестіру жұмыстары жалғасады.

Бағдарлама студенттерді харассмент мәселесіне қарсы күресуге даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қалайды, профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады, осы дертке қарсы күрестің басқа да әдістерімен қатар айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді деген сеніммен құрастырылды.

Осы бағдарлама студент жастарға психологиялық денсаулығын сақтай отырып, үйлесімді өмір сүрудің дағдыларын меңгерген тұлға ретінде қалыптасуға, арманы мен мақсаттарын, өмірлік міндеттерін шешуде, психикалық дені сау кәсіби маман бейнесінде болашаққа бағдарлануына өз көмегін тигізе алады деген сенімдеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында **«...Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бірлесе күресу керек...»** - деп қоғамдағы зорлық-зомбылық пен қатыгездікке қарсы заң жобасын әзірлеу және жастардың бойына адамгершілік қасиеттерді дәріптеу қажет екендігін атап өтті.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының, ҚР Ғылым және жоғары білім министрліктің жүргізіп отырған саясатын жүзеге асыру мақсатында Дулати университеті студенттер арасында «google.forms» бағдарламасы арқылы онлайн сауалнама жүргізді.

Сауалнамада қазақ және орыс тілінде 20 сұрақ қамтылды.

Респондент саны – **2892**.

Сауалнамаға қатысқан институт және факультеттер көрсеткіші бойынша:

«Су шаруашылық және табиғатқа үйлестіру» институты - 348 респондент;

«Технологиялық» факультеті – 557 респондент;

«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 474 респондент;

«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті – 426 респондент;

«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті – 473 респондент;

«Экономика және құқық» факультеті – 318 респондент;

«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті - 273 респондент.

Курс бойынша көрсеткіш: 1-курс – 971, 2-курс – 803, 3-курс – 717, 4-курс – 366 және 5-курс - 35.

Жыныс бойынша көрсеткіш: ер – 1040, қыз – 1852.

Оқу тілі бойынша көрсеткіш: қазақ тілі – 2507, орыс тілінде – 349, ағылшын тілінде – 29.

Сауалнама мазмұны:

1. Сауалнамаға шынайы жауап беруге дайынсыз ба?

- ия - **2796**;
- жоқ – 20;
- маңызды емес – 74.

Демек, бұл сауалнамаға студенттердің шынайы жауап беруге дайындығын білдіреді.

2. ЖОО-да Сізге басқалар тарапынан дөрекі сөздермен қысым көрсету жағдайы орын алды ма?

- ия орын алды – 131;
- жоқ мұндай жағдай орын алмады – **2691**;
- болса да, ол жағдай туралы айтқым келмейді – 70.

Көрсеткішке назар аударатын болсақ, басқалар тарапынан дөрекі сөздермен қысым көрсету жағдайы орын алған және де ол туралы жасырып қалуға бейім студенттердің де болуын анықтап отыр (201).

3. Құрдастарыңызбен қарым-қатынаста жеке басыңызға нұқсан келтіретін ыңғайсыз әрекеттер сезінесіз бе?

- ешқандай әрекеттер сезінбеймін – **2631**;
- ыңғайсыз әрекеттер сезінемін - 96;
- қарым-қатынасқа түсуді ұнатпаймын – 145.

Сұраққа жауап беру барысында құрдастарымен қарым-қатынаста ыңғайсыз әрекеттер сезінетін және қарымқатынасқа түсуді ұнатпайтын, демек кедергілерді сезінетін қатысушылар да бар екендігін көрсетеді (241 қатысушы).

4. Ортада өз пікіріңізді ашық түрде білдіре аласыз ба?

- өз пікірімді ашық айта аламын – **2486**;
- басқалардың пікіріне қосылуды жөн көремін – 177;
- пікірімді білдірмеймін – 198.

Нәтиже көрсеткіші бойынша ортада басқалардың пікіріне қосылуды жөн көріп немесе тіпті пікірін білдірмеуге тырысатын қатысушылардың да бар екендігі анықталады.

5. Құрбыларыңыздың арасында біреуге еріксіз күш көрсету жағдайын білесіз бе?

- білемін, ашық айта аламын – 236;
- білемін, бірақ мән бермеймін – 107;
- ешкімнің мәселесіне араласпаймын – **2267**.

Сұрақтың нәтиже көрсеткішіне сүйенсек, ешкімнің мәселесіне араласпаймын деген жауаптың басымдылық көрсетіп тұрғаны қатысушылардың өз ортасында болып жатқан жағдайға немқұрайлылық

көзқарас танытатындығын анықтайды. Ал бұл әрекет өз кезегінде жасыру мен әлсіздікке бет бұруға алып келеді.

6. Әлеуметтік желіде өзіңізге қатысты қысым көрсету, бопсалау және мазаңызды алу жағдайы орын алды ма?

- ондай ақпарат болған емес, болса міндетті түрде айтар едім – 2663;
- болды, бірақ айтуды жөн көрмеймін – 60;
- болса да, ашық айтпаймын – 80.

Бұл сұраққа жауап беру көрсеткіші қысым көрсету, бопсалау және мазаны алу жағдайын білсе де айтуды жөн көрмейтін және ашық айта алмайтын қатысушылардың кездескенін білдіреді.

7. Өз сырыңызды айтар кезде өзіңізді басқалар дұрыс түсінбейтіндей күйде сезінесіз бе?

- сезінбеймін, жақындарымнан ештеңе жасырмаймын – 2026;
- сезінемін, бірақ бұл өзіме байланысты деп ойлаймын – 552;
- сезінемін, сырымды ешкімге айта алмаймын – 241.

Жауап көрсеткіштеріне сәйкес, жақындарына өз сырын ашық айта алатын қатысушылардың болуымен қатар, дегенмен ішкі сырын ешкімге айта алмайтын және барлығы өзіне байланысты екендігіне көз жеткізетін қатысушылардың да кездесетіндігі анықталады.

8. Кафе, мейрамханаларда, корпоративті жиындарда өзіңізге дөрекі сөздермен қысым жасау жағдайы болды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 142;
- жоқ ондай жағдай болмады - 2679;
- болсада, жария еткім келмейді - 51.

Көпшілік жүретін орталарда дөрекі сөздермен қысым жасау жағдайлары да орын алатындығы және ондай жағдайды жария еткісі келмейтін қатысушылар да бар екендігін көрсетеді.

9. Жұмыс орныңызда басшы тарапынан арыңызға тиетін сөздермен жеке шекараңызға нұқсан келтірген жағдайлар болды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 145;
- жоқ ондай жағдай болмады - 2635;
- болсада, жария еткім келмейді - 72.

Жұмыс орындарында да жеке шекараға нұқсан келтіретін жағдайлар болып тұратындығын және болса да жария етуден бас тартуға бейім келетін қатысушылардың бар екендігі байқалады.

10. Университетте куратор, кафедра меңгерушісі, декан орынбасары, декан т.б. басшылар тарапынан дөрекілік, қорлау, балағаттау, ренжіту секілді жағдайлар болды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 154;

- жоқ ондай жағдай болмады - **2621**;
- болсада, жария еткім келмейді - 100.

Университет қабырғасында да дөрекі сөздермен қысым жасау жағдайлары да орын алатындығы және ондай жағдайды жария еткісі келмейтін қатысушылар да бар екендігін көрсетеді.

11. Жанұяда зорлық-зомбылық, сенімсіздік, жалғыздық, өмірден алшақтауға алып келетін мәселелік жағдайлар орын алды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 100;
- жоқ ондай жағдай болмады - **2683**;
- болсада, жария еткім келмейді - 97.

Жанұяда болып жатқан мәселелік жағдайлар да орын алатындығы және ондай жағдайды жария еткісі келмейтін қатысушылар да бар екендігін анықтайды.

12. Таксиде, қоғамдық көлікте жеке басыңызға қатысты түрлі харассменттік іс-әрекеттер жасалды ма?

- ия жасалды - 117;
- жоқ, жасалмады - **2719**;
- болсада, жария еткім келмейді - 56.

Нәтиже көрсеткіші бойынша, таксиде, қоғамдық көлікте жеке басқа қатысты түрлі харассменттік іс-әрекеттер жасалғандығы және ол жайлы жария еткісі келмейтін қатысушылардың да бар екендігі байқалады.

13. Нәсілдік қудалау, діни тұрғыдан төмендету, рулық бөлектеу т.б. секілді жағдайлар болды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 115;
- жоқ ондай жағдай болмады - **2708**;
- болсада, жария еткім келмейді - 54.

Мәліметтер көрсеткіші бойынша, нәсілдік қудалау, діни тұрғыдан төмендету, рулық бөлектеу т.б. секілді жағдайлар жасалғандығы және ол жайлы жария еткісі келмейтін қатысушылардың да бар екендігі байқалады.

14. Сексуалдық қудалау, сіздің еркіңіз бен келісіміңізсіз жыныстық әрекеттер, дененізді ұстау, фотоға түсіру және т.б. жағдайлар орын алды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 72;
- жоқ ондай жағдай болмады - **2749**;
- болсада, жария еткім келмейді - 48.

Алынған мәліметтер көрсеткіші бойынша, жыныстық қудалау, өз еркі мен келісімінсіз жыныстық әрекеттер жасалғандығы және ол жайлы жария еткісі келмейтін қатысушылардың да бар екендігі байқалады.

15. Жалдамалы пәтерде тұрып жатсаңыз көмекке шақырған жөндеуші (су, электрик және т.б.) тарапынан қысым көрсетілген кездер болды ма?

- ия мұндай жағдай болды - 48;
- жоқ ондай жағдай болмады - **2761**;
- болсада, жария еткім келмейді - 21.

Алынған мәліметтер көрсеткіші бойынша, көмекке шақырған жөндеуші (су, электрик және т.б.) тарапынан қысым жасалғандығы және ол жайлы жария еткісі келмейтін қатысушылардың да бар екендігі анықталады.

16. Университетте Сіздің діни киіміңізге (хиджап) байланысты оқытушы, куратор тарапынан қудалау немесе қысым әрекеттері кездесті ме?

- жиі кездеседі - 141;
- айтуға қорқамын - 44;
- мүлдем кездеспейді - **2498**.

Жауап беру көрсеткіші бойынша, Университетте діни киімге (хиджап) байланысты оқытушы, куратор тарапынан қудалау немесе қысым әрекеттері жиі жасалғандығы және ол жайлы айтуға қорқатын қатысушылардың да бар екендігі байқалады.

17. Жоғары оқу орында Сізге қандай да бір діни жиналыстарға баруға немесе діни парақшаларды таратуға мәжбүрлейтін адамдар кездесті ме?

- жоқ - **2812**;
- ия - 47;
- бар, бірақ айтуға қорқамын - 23.

Жауап беру көрсеткіші бойынша, жоғары оқу орнында қандай да бір діни жиналыстарға баруға немесе діни парақшаларды таратуға мәжбүрлейтін адамдар кездесетіндігі және ол жайлы айтуға қорқатын қатысушылардың да бар екендігі байқалады.

18. Егерде Сіздің ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетіңізді, діни сезіміңізді қорлап кемсітетін болса, кімге барып жүгінесіз?

- ата-ана - **1251**;
- университет ректоры - 97;
- факультет деканы - 146;
- құқық қорғау қызметкерлері - 966;
- заңгер - 181.

Сұраққа жауаптың жоғары көрсеткіші бірінші ата-анаға жүгіну керектігін түсінетін және заң аясында құқығын қорғай алатын қатысушылардың нәтижесін анықтайды.

19. Егерде Сіз қаржылық пирамида алаяқтардың арбауына түскен жағдайда, қандай шара қолданасыз?

- қаржылық алаяқтарға қарсы сауаттылықты жетілдіремін - 643;
- сенім телефонына хабарласамын - 341;
- қаржылық сауаттылықтың қажеті жоқ - 88;
- ЖОО, колледжде, мектепте қаржылық сауаттылық сабақтарын енгізу - 127;
- заң аясында өз құқығымды қорғаймын - **1592.**

Сұраққа жауаптың жоғары көрсеткіші заң аясында құқығын қорғай алатын және қаржылық алаяқтарға қарсы сауаттылықты жетілдіру қажеттілігін түсінетін қатысушылардың нәтижесін анықтайды.

20. Егерде Сіз жыныстық зорлықтан зардап шегіп ерте жүктілік жағдайға тап болсаңыз, қандай әрекет жасайсыз?

- ешкімге айтпай ішімде сақтаймын - 129;
 - түсік жасату туралы шешім қабылдаймын - 159;
 - өз-өзіме қол жұмсаймын - 56;
 - ата-анама болған жағдайды түсіндіріп жеткіземін - **1667.**
- басқа пікірлер – 404.

Сұраққа жауаптың жоғары көрсеткіші бірінші ата-анаға жүгіну керектігін түсінетін қатысушылардың нәтижесін анықтаса да, дегенмен мәселені жасырын күйде сақтауға, түсік жасату туралы шешім қабылдауға, өз-өзіне қол жұмсауға, басқа пікірлерге де бейім қатысушылардың бар болуына да алаңдатады.

Студенттер арасында харассмент әрекеттеріне қатысты өткізілген сауалнаманың нәтижесі назарға алынып, университетіміздің Е.Қонақбаев атындағы психологиялық-педагогикалық қолдау орталығы, «Дінтану» орталығы, медбикелер, факультеттердің тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарлары, аналар кеңесі, облыстық қоғам белсенділері, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінен тұратын оңтайландыру, ақпараттандыру тобы құрылуына, жастарға психологиялық-құқықтық, медициналық және діни бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын одан әрі дамыту қажет деп танылды.

«Харассмент және жеке шекара» сауалнамасы / Анкета «Харассмент и личные границы»


Әлеуметтік жұмыс басқармасының әзірлеген сұрақтарға жауап беруіңізді сұрауымыз. Сіздің пікіріңіз құпия болып қалатынына кепілдік береміз. /

Просим Вас ответить на вопросы, разработанные управлением социальной работы. Мы гарантируем, что ваше мнение останется конфиденциальным.

Сіздің факультетіңіз / Ваш факультет:

[Копировать](#)

2 869 ответов




- "Педагогика және әлеуметтік ғылымдар" / "Педагогика и социаль...
- "Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру" / "Водного хозяйства и га...
- "Технологиялық" / "Технологический"
- "Филология және гуманитарлық ғылымдар" / "Филология и гуманита...
- "Экономика және құқық" / "Экономик...
- "Жаратылыстану ғылымдары" / "Ест...
- "Дене шынықтыру және алғашқы әс...

Оқу тілі / Язык обучения

[Копия](#)


2 892 ответа



- Қазақ тілі / Казахский язык
- Орыс тілі / Русский язык
- Ағылшын тілі / Английский язык
- қазақ және ағылшын
- Эльфияский
- Немецкий
- Полияз
- пол яз
- полияз


КУРС

2 892 ответа



Жынысы / Пол


2 892 ответа



1. Сауалнамаға шынайы жауап беруге дайынсыз ба? / Вы готовы честно ответить на опрос?



2 892 ответа



2. ЖОО-да Сізге басқалар тарапынан дәрекі сөздермен қысым көрсету жағдайы орын алды ма? / Подвергались ли вы когда-нибудь издевательским отношениям со стороны других людей в ВУЗе?


2 892 ответа



3. Құрдастарыңызбен қарым-қатынаста жеке басыңызға нұқсан келтіретін ыңғайсыз әрекеттер сезінесіз бе? / Испытываете ли вы некомфортные действия, подрывающие вашу личность в отношениях со сверстниками?




2 892 ответа



1/3

4. Ортада өз пікіріңізді ашық түрде білдіре аласыз ба? / Можете ли вы открыто высказать свое мнение в среде?

2 892 ответа




- өз пікірімді ашық айта аламын / мог...
- басқалардың пікіріне қосылуды жөн...
- пікірімді білдірмеймін / не буду выск...
- .
- Әр кезде әр қалай
- средни
- Пікірымды былдырмеймын. Бірақ ба...
- Кейде айтуға қысылатын кездерім б...

1/4

5. Құрбыларыңыздың арасында біреуге еріксіз күш көрсету жағдайын білесіз бе? / Знаете ли вы ситуацию, когда кто-то оказывал кому-то силу среди сверстников?


2 892 ответа



- ешкімнің мәселесіне араласпаймын...
- білемін, ашық айта аламын / знаю,...
- білемін, бірақ мән бермеймін / знаю,...
- Жоқ
- Нет
- Жок
- Білмеймін
- Ондай жоқ

6. Әлеуметтік желіде өзіңізге қатысты қысым көрсету, бопсалау және мазаңызды алу жағдайы орын алды ма? / Были ли вы свидетелем ситуации давления на вас, с шантажом и преследованием в социальных сетях?

2 892 ответа




- ондай ақпарат болған емес, болса м...
- болды, бірақ айтуды жөн көрмеймін...
- болса да, ашық айтпаймын / но я не...
- Жоқ
- Жок
- Нет
- .
- Ондай жағдай болған жоқ

1/6


7. Өз сырыңызды айтар кезде өзіңізді басқалар дұрыс түсінбейтіндей күйде сезінесіз бе? / Чувствуете ли вы, что другие вас неправильно понимают, когда делитесь своими секретами?

2 892 ответа



8. Кафе, мейрамханаларда, корпоративті жиындарда өзіңізге дөрекі сөздермен қысым жасау жағдайы болды ма? / На вас когда-нибудь оказывали давление грубыми словами в кафе, ресторанах, на корпоративных вечеринках?


2 892 ответа



9. Жұмыс орныңызда басшы тарапынан арыңызға тиетін сөздермен жеке шекараңызға нұқсан келтірген жағдайлар болды ма? / Были ли на вашей работе случаи, когда ваши личные границы нарушались руководителем оскорбительными словами?

 Копировать

2 892 ответа



10. Университетте куратор, кафедра меңгерушісі, декан орынбасары, декан т.б. басшылар тарапынан дөрекілік, қорлау, балағаттау, ренжіту секілді жағдайлар болды ма? / Были ли случаи хамства, оскорблений со стороны руководителей (Куратор, заведующий кафедрой, заместитель декана, декан и т.д.) в вузе.?

 Копировать

2 892 ответа




11. Жанұяда зорлық-зомбылық, сенімсіздік, жалғыздық, өмірден алшақтауға алып келетін мәселер жағдайлар орын алды ма? / Были ли в семье проблемы приводящие к насилию, недоверию, одиночеству, отчуждению от жизни?

 Копировать

13. Нәсілдік қудалау, діни тұрғыдан төмендету, рулық бөлектеу т.б. секілді жағдайлар болды ма? / Были ли такие ситуации как расовые преследования, религиозная дискриминация, племенная дискриминация и т.д.?


 Копировать

2 892 ответа



14.Сексуалдық қудалау, сіздің еркіңіз бен келісіміңізсіз жыныстық әрекеттер, денеңізді ұстау, фотоға түсіру және т.б. жағдайлар орын алды ма? / Были ли такие случаи как сексуальные домогательства, действия сексуального характера без вашей воли и согласия, прикосновения к телу, фотографирование и т.д.?

2 892 ответа




- иә мұндай жағдай болды / да, такая...
- жоқ ондай жағдай болмады / нет, та...
- болсада, жария еткім келмейді / да,...
- Жоқ
- Жок
- .
- rape me
-

▲ 1/3 ▼

15. Жалдамалы пәтерде тұрып жатсаңыз көмекке шақырған жөндеуші (су, электрик және т.б.) тарапынан қысым көрсетілген кездер болды ма? / Если вы живете в съемной квартире, испытывали ли вы когда-нибудь давление со стороны мастера по ремонту (сантехника, электрика и т. д.), которого вызывали на помощь?

2 892 ответа




- иә мұндай жағдай болды / да, такая...
- жоқ ондай жағдай болмады / нет, та...
- болсада, жария еткім келмейді / да,...
- Жоқ
- Өз үйімде тұрамын
- .
- өз үйімде тұрамын
- Жалдамалы пәтерде тұрмаймын

▲ 1/7 ▼

16. Университетте Сіздің діни киіміңізге (хиджап) байланысты оқытушы, куратор тарапынан қудалау немесе қысым әрекеттері кездесті ме? / Сталкивались ли в университете преследования или преследования со стороны преподавателя, куратора, связанные с вашей религиозной одеждой (хиджап)?

2 892 ответа




мүлдем кездеспейді / вообще не вст...
жиі кездеседі / часто встречается
айтуға қорқамын / боюсь сказать
Хиджап кимеймін
.
Жоқ
Жок
Кимеймін

▲ 1/13 ▼

17. Жоғары оқу орында Сізге қандай да бір діни жиналыстарға баруға немесе діни парақшаларды таратуға мәжбүрлейтін адамдар кездесті ме? / Встречались ли в вузе люди, которые заставляют вас ходить на какие-то религиозные собрания или раздавать религиозные листовки?

2 892 ответа




жоқ / нет
ия / да
бар, бірақ айтуға қорқамын / есть, н...
.
Оо мынау енді бір рет кездескен. Ал...
Жок
Нет
Вам какая разница

▲ 1/2 ▼

18. Егерде Сіздің ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетіңізді, діни сезіміңізді қорлап кемсітетін болса, кімге барып жүгінесіз? / К кому Вы обратитесь, если оскорбляют вашу национальную честь и достоинство, религиозные чувства?

2 892 ответа




ата-ана / родители
құқық қорғау қызметкерлері / сотруд...
заңгер / юрист
факультет деканы / декан факультета
университет ректоры / ректор униве...
.
Ешкімге
Өзім шешем

▲ 1/12 ▼

19. Егерде Сіз қаржылық пирамида алаяқтардың арбауына түскен жағдайда, қандай шара қолданасыз? / Если вас обманули мошенники с финансовой пирамидой, какие меры вы предпримете?

2 892 ответа



20. Егерде Сіз жыныстық зорлықтан зардап шегіп ерте жүктілік жағдайға тап болсаңыз, қандай әрекет жасайсыз? / Если вы оказались в ситуации ранней беременности с сексуальным насилием, что вы будете делать?

2 892 ответа

